

**«Астана»  
халықаралық қаржы  
орталығы**

2017 жыл «22» 12  
№ 48

Астана қаласы



**Қазақстан Республикасы  
Қаржы министрлігінің  
Мемлекеттік кірістер комитеті**

2017 жыл «29» 12.  
№ 596

Астана қаласы

**БІРЛЕСКЕН БҮЙРЫҚ**

**Мемлекеттік кірістер органдарының  
«Астана» халықаралық қаржы  
орталығының органдарымен және  
қатысушыларымен салықтық  
әкімшілендіру және салық салу  
мәселелері бойынша өзара іс-қимыл  
қағидаларын бекіту туралы**

«Астана» халықаралық қаржы орталығы туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 7 желтоқсандағы Конституциялық заңының 6-бабы 9-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫЗ**:

1. Қоса беріліп отырған Мемлекеттік кірістер органдарының «Астана» халықаралық қаржы орталығының органдарымен және қатысушыларымен салықтық әкімшілендіру және салық салу мәселелері бойынша өзара іс-қимыл қағидалары бекітілсін.
2. Осы бірлескен бүйрықтың орындалуын бақылау «Астана» халықаралық қаржы орталығының Басқарушысына жүктелсін.
3. Осы бірлескен бүйрық оған тараптар қол қойған және «Астана» халықаралық қаржы орталығының сайтына орналастырылған күнінен бастап күшіне енеді.

**«Астана» халықаралық  
қаржы орталығының  
Басқарушысы**



**К. Келімбетов**

2017 жыл «22» МЕРГІОКСАН



**Қазақстан Республикасы  
Қаржы министрлігі  
Мемлекеттік кірістер  
комитетінің Төрағасы**

**А. Тенгебаев**

2017 жыл «29» 12.

«Астана» халықаралық қаржы орталығы

Басқарушысының

2017 жылғы 22 № 48

және Қазақстан Республикасы

Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер

комитеті Төрағасының

2017 жылғы 29 № 12 № 596

бірлескен бұйрығымен

бекітілген

**Мемлекеттік кірістер органдарының «Астана» халықаралық  
қаржы орталығының органдарымен және қатысушыларымен салықтық  
әкімшілендіру және салық салу мәселелері бойынша өзара іс-қимыл  
қағидалары**

**1-тaraу. Жалпы ережелер**

1. Осы Мемлекеттік кірістер органдарының «Астана» халықаралық қаржы орталығының органдарымен және қатысушыларымен салықтық әкімшілендіру және салық салу мәселелері бойынша өзара іс-қимыл «Астана» халықаралық қаржы орталығы туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 7 желтоқсандағы Конституциялық заңының (бұдан әрі – Конституциялық заң) 6-бабы 9-тармағына сәйкес әзірленген және органдар мен Орталықтың қатысушылары үшін:

салық есебін жүргізу тәртібінің ерекшеліктерін;

камералдық бақылауды жүргізу және тәуекелдерді басқару жүйесін қолдану ерекшеліктерін;

көлденең мониторингке қатысады;

салық тексерулерін жүргізу ерекшеліктерін;

салық тексерулері нәтижелеріне шағымдану ерекшеліктерін;

қызметті тоқтату ерекшеліктерін айқындайды.

Органдар мен Орталықтың қатысушылары үшін Конституциялық заңда және осы Қағидаларда көзделген ерекшеліктерді қоспағанда Қазақстан Республикасының салықтық заңнамасы қолданылады.

2. Осы Қағидалар аясында мынадай негізгі ұғымдар мен қысқартулар пайдаланылады:

1) Экспат-орталық – Орталықтың аумағындағы «бір терезе» қағидаты бойынша Орталықтың қатысушылары мен Орталықтың шетелдік қызметшілеріне мемлекеттік қызметтердің ұсынылуына жәрдемдесетін және өзге де қызметтер көрсететін құрылымдық бөлімше/ұйым;

2) Арнайы ережелер – осы Қағидаларды орындау үшін әзірленген және салықтық әкімшілендіру және (немесе) мемлекеттік кіріс органдарының

Орталықтың органдары мен қатысушыларымен өзара іс-қимыл жасауының жекелеген мәселелерін реттейтін Орталық органдар мен мемлекеттік кірістер органдарының бірлескен актілері;

3) Орталықтың салық төлеушісі – мемлекеттік тіркеуден өткен және тек қана Орталықтың аумағында Қазақстан Республикасында қызметін жүзеге асыратын Орталықтың қатысушысы, сондай-ақ Орталықтың органы.

3. Осы Қағидаларда пайдаланылатын, «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы Кодексінде (Салық кодексі) айқындалған басқа да арнайы ұғымдар мен терминдер Конституциялық заңда және (немесе) осы Қағидаларда өзгеше көзделмесе, олар Салық кодексінде қандай мағынада қолданылса, сол мағынада пайдаланылады.

4. Осы Қағидаларда пайдаланылатын Қазақстан Республикасы заңнамасының азаматтық және басқа да салалық ұғымдары егер Конституциялық заңда және (немесе) осы Қағидаларда өзгеше көзделмесе, олар Қазақстан Республикасы заңнамасының осы салаларында қандай мағынада қолданылса, сол мағынада пайдаланылады.

5. Мемлекеттік кірістер органдарының Орталықтың салық төлеушісінің атына жіберілетін құжаттары қосымша ағылшын тілінде әзірленеді.

#### 6. Орталықтың салық төлеушісі:

салықтық құқық қатынастарына жеке және (немесе) заңды не уәкілетті өкілі арқылы қатысуға;

Салық кодексімен немесе осы Қағидалармен көзделген салық нысандарын тапсыру бойынша салық міндеттемесін мынадай тәсілдердің бірімен:

##### 1) қағаз тасығышта:

Экспат-орталыққа өзі баруы арқылы;

пошта арқылы хабарландыратын тапсырыс хатпен;

##### 2) электронды. нысандада орындауға құқылы.

## 2-тaraу. Салық есебін жүргізу ерекшеліктері

#### 7. Орталықтың салық төлеушісі:

салық нысандарын қоса алғанда есептік құжаттаманы жүргізуді жүзеге асыруға және мемлекеттік кірістер органына қажетті құжаттарды ағылшын тілінде тапсыруға;

салық есебін салық кезеңінің ішінде өзгермейтін жағдайда бухгалтерлік есепке алу құжатында айқындалған функционалдық валютада жүзеге асыруға;

салық салу объектілерін және салық салумен байланысты объектілерді айқындауға және Салық кодексіне сәйкес, оның ішінде еселенген минималды есептік көрсеткіштің мөлшерінде теңге түрінде нақты мөлшерлемелер белгіленген салықтық міндеттемелерді қоспағанда, салық кезеңінің ішінде

өзгермейтін жағдайда функционалдық валютада салықты және бюджетке басқа да міндettі төлемдерді төлеуге құқылы. Соңғы салық міндettемелері теңгемен абсолюттік сомада төленеді.

8. Салық кезеңінің бірінші күнінен бастап функционалдық валюта өзгерген жағдайда салық салу объектілерін және салық салумен байланысты объектілерді айқындау кезінде және салықтар мен бюджетке басқа да міндettі төлемдерді төлеу кезінде пайдаланылған және ағымдық салық кезеңінің бухгалтерлік есебінде жоқ алдыңғы салық кезеңі салықтық есебінің көрсеткіштері алдыңғы салық кезеңіндегі соңғы күннің алдындағы соңғы жұмыс күні айқындалған валюта айырбастаудың нарықтық бағамы бойынша ағымдық салық кезеңінің функционалдық валютасына қайта есептеледі.

9. Орталықтың салық төлеушісі салықтар мен бюджетке басқа да міндettі төлемдерді теңгемен төлейді.

Егер Орталықтың салық төлеушісі осы Қағидалардың 7-тармағына сәйкес салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндettі төлемдерді теңгеден басқа функционалдық валютамен төлеген жағдайда, салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндettі төлемдердің төленуге жататын сомасы салықтарды бюджетке төлеу күннің алдындағы соңғы жұмыс күні айқындалған валюта айырбастаудың нарықтық бағамы бойынша айқындалады.

10. Орталықтың қатысуышысы мынадай тәсілдердің бірімен (Орталықтың қатысуышының тандауы бойынша) бекітілген салықтық есепке алу саясатын:

1) Орталық қатысуышы Салық кодексінің талаптарын ескере отырып дербес;

2) Конституциялық заңның 6-бабы 3-тармағында көрсетілген кірістерге ие болатын Орталықтың қатысуышыларына арналған және Конституциялық заңның 6-бабы 4-тармағында көрсетілген кірістерге ие болатын Орталықтың қатысуышыларына арналған салықтық есепке алу саясатын көздейтін № 1 арнайы ережемен қолданады.

11. Орталықтың қатысуышы № 2 арнайы ережемен бекітілген нысандар бойынша корпоративтік табыс салығы мен қосымша құн салығы бойынша салықтық тіркелімдерді жасайды.

12. Орталықтың қатысуышы № 3 арнайы ережемен бекітілген нысандар мен тәртіп бойынша корпоративтік табыс салығы мен қосымша құн салығы бойынша салықтық есептілікті әзірлейді.

### **3-тарау. Камералдық бақылауды жүргізу және тәуекелдерді басқару жүйесін қолдау ерекшеліктері**

13. Камералдық бақылау нәтижелері бойынша жоғары деңгейдегі тәуекелі бар бұзушылықтар анықталған жағдайда Орталықтың салық төлеушісіне мемлекеттік кірістер органдары камералдық бақылау нәтижелері

бойынша анықтаған бұзушылықтарды жою туралы анықталған бұзушылықтардың сипаттамасы қоса берілген хабарлама жіберіледі.

14. Егер хабарлама жіберудің негіздемесі сот актісі болып табылса, салық төлеуші аталған сот актісін беру туралы сұратумен осындай хабарлама жіберген мемлекеттік кірістер органына жүгіне алады. Мемлекеттік кірістер органы Орталық салық төлеушісінің талабын орындауға және сұрату алынған күннен бастап бес жұмыс күннің ішінде хабарлама жіберуге негіз болған соттың актісін беруге міндетті.

15. Мемлекеттік кірістер органдары Орталықтың салық төлеушісін тәуекелдер санаттары берілген және (немесе) олардың өзгерген сәтінен бастап он бес жұмыс күннің ішінде қағаз тасығышта тапсырыс хатпен пошта бойынша немесе электронды түрде хабарлама жіберу арқылы хабардар етеді.

#### **4-тaraу. Көлденең мониторингке қатысу**

16. Орталықтың салық төлеушісі көлденең мониторингке қатысуға құқылды. Орталықтың салық төлеушісі көлденең мониторингке қатысады өзі айқындейды.

17. Мемлекеттік кірістер органы Орталықтың салық төлеушісіне Қазақстан Республикасының заннамасына сәйкес белгіленген көлденең мониторинг туралы келісім жасалатын салық төлеушісі санатын қолданбайды.

18. Орталықтың салық төлеушісі үшін Салық кодексінде белгіленген көлденең мониторинг туралы келісімнің нысаны, көлденең мониторинг туралы келісімді жасасу және бұзу тәртібі, сондай-ақ көлденең мониторинг жүргізу тәртібі қолданылады.

19. Орталықтың салық төлеушісі ол қолданыстағы көлденең мониторинг туралы келісімнің бір тарабы болып табылатын салық кезеңдері ішіндегі көлденең мониторингте тұратын болып танылады.

#### **5-тaraу. Салық тексерулерін өткізу ерекшеліктері**

20. Орталықтың салық төлеушісі көлденең мониторингте тұратындығын мойындаған салық кезеңдері ішінде осы Қағидалардың 19-тармағына сәйкес салық тексерулері жүргізілмейді, бірақ мыналар:

қарсы тексерулер;

Орталықтың салық төлеушісінің өзінің өтініші бойынша жүргізілетін салық тексерулері;

Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 4 шілдесіндегі Қылмыстық-іс жүргізу кодексімен, Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 30 маусымдағы «Прокуратура туралы» Заңымен көзделген негіздемелер бойынша жүргізілетін салықтық тексерулер;

Орталық салық төлеушісінің тексеру нәтижелері туралы хабарламаға деген шағымымен байланысты жүргізілетін салықтық тексерулер жүргізіледі.

21. Осы Қағидалардың 20-тармағының бірінше абзацының ережелері тәуекелдерді бақылау жүйесі бойынша жоғары деңгейдегі тәуекелге ие Орталықтың салық төлеушісіне қолданылмайды.

22. Салық кодексімен көзделген жағдайлармен қатар Орталықтың салық төлеуші мемлекеттік кірістер органдарының лауазымды тұлғаларына және өзге де мемлекеттік органдардың лауазымды тұлғаларына салықтық тексеруді жүргізуге қатысуға, салықтық тексеру тоқтатылған кезенде Орталық салық төлеушісінің аумағына және (немесе) орын-жайына кіруге қарсылық білдірге күккілі.

23. Мемлекеттік кірістер органының лауазымды тұлғасы салықтық тексеру актісін жасағанға дейін Орталықтың салық төлеушісіне салықтық тексерудің алдын ала актісі тапсырылады.

Бұл ретте тексерілетін Орталықтың салық төлеушісі салықтық тексерудің алдын ала актісіне жазбаша қарсылық таныта алады.

Орталықтың салық төлеушісіне салықтық тексерудің алдын ала актісін тапсыру, салықтық тексерудің алдын ала актісіне жазбаша қарсылық білдіру, сондай-ақ мұндай қарсылықты қарау Салық кодексінде көзделген тәртіп пен мерзімдерде жүргізіледі.

Осы тармақтың ережелері салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер сомаларын төлеуге, міндетті зейнетакы жарналарын есептеу, ұстап қалу, қайта төлеуге, міндетті кәсіби зейнетакы жарналарын төлеуге, әлеуметтік төлемдерді есептеуге және төлеуге, міндетті әлеуметтік медициналық сактандыру төлемдері мен өсімпұлдарға, шығындарды азайтуға арналған төлемдер және (немесе) жарналарды төлеуге алып келетін салықтық тексерулерге қолданылады.

## **6-тaraу. Салықтық тексерулер нәтижелеріне шағымдану ерекшеліктері**

24. Орталық қатысушы салықтық тексеру нәтижелері туралы хабарламаға шағымданған жағдайда мемлекеттік кірістер органы Орталық салық төлеушісінің иелігіндегі мүліктерге шектеу жүргізілмейді.

25. Осы Қағидалардың 24-тармағының ережелері салықтық тексеру нәтижелері туралы хабарламаға шағымданған сэтте тәуекелдерді бақылау жүйесі бойынша тәуекелдің жоғары деңгейіне ие Орталықтың салық төлеушісіне қолданылмайды.

## **7-тарау. Қызметті тоқтату ерекшеліктері**

26. Соңғы бес жылдың ішінде көлденең мониторингте түрған Орталықтың салық төлеушісі ерікті тарау туралы шешім қабылдаған жағдайда Салық кодексінің 60-бабы 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10-тармақтарының ережелерін қолдануға құқылы.

27. Осы тараудың ережелері:

1) Салық кодексінде көзделген тәртіпте қызметті тоқтату рәсімімен өту туралы шешім қабылдаған;

2) Тарау туралы шешім қабылдаған сәтте тәуекелдерді бақылау жүйесі бойынша тәуекелдің жоғары деңгейіне ие болған Орталықтың салық төлеушісіне қолданылмайды.

## **8-тарау. Өтпелі ережелер**

28. Салық кодексінің тиісті нормаларын қолдануды талап ететін осы Қағидалардың ережелері олар күшіне енгеннен кейін қолдануға жата деп белгіленсін.